

Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі окушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау кызметінің ұйымдастырылу жағдайына талдау жасады. (анықтама қоса жалғанды)

2020 – 2021 оку жылында мүмкіндігі шектеулі білім алушылар саны бойынша 10 білім алушы мүгедек, 5 даму мүмкіндігі шектеулі (екеуі мектепалды даярлық сыйныбында оқиды.) білім алушы тіркелді.Денсаулығына байланысты ПМПК, ВКК қорытындысы нәтижесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар 5 білім алушы, үйден оқитын 3 білім алушы гимназияда білім алады. Жалпы гимназия бойынша мүмкіндігі шектеулі білім алушылар статистикалық көрсеткіш: мүгедек саны-10, ерекше білім беруге қажеттілігі бар- 5, үйден оқитын -3, барлығы-18 бала. Білім алуында қындықтары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мен білім беру жүйесінде оқытуудың арнайы жағдайын құру барысында келесідей жұмыстар ұйымдастырылып, жүргізіліп отырылды.

- 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту;
- 2) оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту (окушылардың оқу үлгерімі);
- 3) оқытуудың арнайы, вариативті және альтернативті әдістерін қолдану;
- 4) оқулықтарды, оқу әдістемелік құралдарын, жеке оқу материалдарын таңдау;
- 5) оқыту формасын таңдау;
- 6) тосқауылсыз орта құру және оқыту орнына бейімдеу;
- 7) компенсаторлық және техникалық құралдарға мұқтаждықты анықтау;
- 8) арнайы психологиялық- педагогикалық көмек ұйымдастыру (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың (олигофренопедагогтың, сурдопедагогтың, тифлопедагогтың);
- 9) педагог-психологтың жеке көмегі;
- 10) әлеуметтік – педагогикалық көмек.

Аталған шаралармен қоса білім алушының ата-анасымен әңгіме жүргізудің хаттамасы, коммуникативті паспорт толтырылып, ата-аналардың келісім беру формасы және ата – аналармен сауалнамалар жүргізілді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ата – аналарымен кездесіп, инклюзивтік және үйден оқытуға байланысты кеңестер берілді. Отбасылардың тұрмыстық жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Ерекше білім беруді қажет білім алушылармен олимпиадаларға, байқауға қатыстыру жұмыстары ұйымдастырылды. Атап айтсақ «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени - білім беру жобасы аясында қашықтан өткізілген «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауына №6 Хромтау гимназиясының ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылары Ахметова Д, Саги Гулбану, Жакупова Ж, Шүйіншалы Е, Серік Е, Саденов М, Жұмсейт Б, Жамбурин Н, Жаулыбай А, Қадыrbай А, Мырзабаев Н «Қазақстан – мениң алтын бесігім» суреттер және «Алтын қолдар» сәндік - қолданбалы өнер номинациясы бойынша қатысып, 10 білім алушы жүлделі орындарға ие болды.

2.Г.Ж. Райымкулова гимназия психологы

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың 2020-2021 оку жылы бойынша таным аймағының даму динамикасына жәнетаным процестерін диагностикалау қорытындысына талдау жасады. (анықтама қоса жалғанды). Жеке балаларға жасалған зерделеулер қорытындысы мен ұсыныстары таныстырылды.

3. А.Т.Ешкеева- оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Педагогтардың кәсіби дамуындағы құзіреттілігі мен нәтижелілігінің критерийлері мен көрсеткіштері бойынша пәндиқ кафедралар арасында жүргізілген мониторингпен таныстырылды.

Мониторинг төмөндегі көрсеткіштер бойынша жүргізілді.

- 1) Педагогтың оқу үрдісінде заману білім беру технологиялары мен әдістерін қолдану
- 2) Оқу процесінде АКТ қолдану
- 3) Білім алушылардың денсаулығын сактау және нығайту технологияларын пайдалану.
- 4) Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық қызметті ұйымдастыру
- 5) Білім сапасын сыртқы бақылау
- 6) Білім алушылардың олимпиадалардағы жетістіктері
- 7) Мұғалімнің мектептен тыс әлеуметтік маңызы бар іс-шараларын ұйымдастыру
- 8) Біліктілік арттыру, білімін жетілдіру
- 9) Зерттеущілік қызмет.